ЗИЯТКЕРЛІК КӨЛІК ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ: БҮГІНІ ЖӘНЕ ЕРТЕҢІ

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ

ӘН БАЗАРЫ – ҚАРАӨТКЕЛ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Алдағы айларда Қазақстанда Президент және Парламент сайлауы өтеді. Мен Президент өкілеттігін жеті жылдық бір мерзіммен шектеуді ұсындым. Бұл – Қазақстанда демократияны дамытудағы нағыз серпіліс. Осы ретте «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» деген менің формуламды қатаң ұстанамыз. Бұл формула Қазақстанның ұлттық мүдделеріне толық сәйкес келетініне сенімдімін.

№117
(4395)
Сейсенбі
4 қазан
2022 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ПАРИЖДЕГІ ҚАЗАҚ КЕШІ

Бүгін Париж қаласында көрнекті қоғам қайраткері, лингвист және жазушы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған іс-шара өтеді.

ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде Қазақстан, Әзербайжан, Түркия, Германия және Франция ғалымдарының қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырылады. Сондай-ақ кешке қарай Еуропа көрермендері үшін Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойына орай «Сазген сазы» ансамблінің және Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен салтанатты концерт өтеді.

ГАЗ КІРГІЗІП, КӨЛІК ҰТТЫ

Астанада үйлерге газ тарту жұмысы қарқынды жүруде. Көктал саябағында газ тартқан тұрғындар арасында автокөлік пен бағалы сыйлықтар ойнатылды.

Ұтыс ойынына «Газ үйге» компаниясымен газды үйіне тартуға келісімге отырған елордалықтар қатысты. Ұтысқа тігілген көлікті қала тұрғыны Сабыржан Исақов иеленді. Ал iPhone13 телефонын елордалық Ботакөз Төребекова жеңіп алды. Сонымен қатар үйіне газ қосқан бірқатар тұрғындар басқа да бағалы сыйлықтар алды. Іс-шара соңында ұйымдастырушылар қатысушыларға алғысын білдіріп, астаналықтарды газға қосылуға шақырды.

5 КҮН ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 қыркүйектегі бұйрығымен педагогтың жұмыс уақыты мен демалыс уақытының ерекшеліктерін анықтау ережесіне өзгерістер енгізілді.

Енгізілген түзетулерге сәйкес, білім мекемелерінде 5 күндік оқу енгізіледі. Сенбі және жексенбі күндері демалыс болады. Бірақ үш ауысымда оқитын, орын жетіспейтін мектептерде, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында сабақ кестесі бұрынғыдай қала береді. Үш ауысымда оқитын, орын жетіспейтін мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдер үшін жексенбі ғана демалыс болып бекітілді. Бұйрық 2022 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілді.

ТАЗА БОЛСЫН ҚАЛАМЫЗ

Қай қаланың болсын көркі мен сәні тазалығынан көрінеді. Осы орайда Астананың ажарын келтіріп жүрген тазалықшылар еңбегі ұшан-теңіз. Таң атқаннан күн батқанға дейін қала көшелерін қоқыстан тазартып жүретін коммуналдық қызмет жұмысшыларының әлеуметтік жағдайын жақсартуға елорда әкімдігі ерекше маңыз беріп келеді. Астана қаласының әкімі Алтай Көлгінов елорданың тазалығына жауапты «Астана Тазалық» ЖШС қызметкерлерімен кездесті.

2

ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛҒАН ОТБАСЫЛЫҚ МЕРЕКЕ

Астана қаласындағы Триатлон саябағында өткен отбасылық дуатлонға елордалық 109 отбасы қатысты. Балалар жылына арналып өткізілген бұл жарысты Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасы ұйымдастырды. Бұл сайыстар шын мәнінде отбасылық беріктікті, жеңіске деген жігерді, керемет қуанышты сәттерді көрсеткен іс-шара болды.

8

№117 (4395) 04/10/2022 Сейсенбі

МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады. Президентке Парламент Мәжілісінің қазіргі заң шығару қызметі туралы ақпарат берілді.

Атап айтқанда, Мәжіліс депутаттары «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы», «Конституциялық сот туралы», «Прокуратура туралы» заң жобаларын, сондай-ақ бірқатар конституциялық және басқа да заңдарға енгізілетін өзгерістерді қарастырып, Сенатқа жолдады. Аталған құжаттарды талқылауға сарапшылар тобы қатысты және қоғам мен БАҚ үшін жария түрде өтті.

Палата мақұлдаған заң жобалары биылғы 5 маусымда өткен референдумда халық дауыс берген конституциялық реформалардың негізгі ережелерін жүзеге асыруға бағытталған. Енгізілетін заң нормалары азаматтардың конституциялық құқықтарының қорғалуын күшейтуге және тұрғындардың еліміздің саяси өміріне араласу мүмкіндігін кеңейтуге септігін тигізеді.

Ерлан Қошанов Қасым-Жомарт Тоқаевқа парламенттік дипломатия және шет мемлекеттердің заң шығарушы органдарымен арадағы іс-әрекеттер аясындағы жұмыстардың негізгі басымдықтары туралы айтты.

Мәжіліс төрағасы Мемлекет басшысына Түркияның Изник қаласында өткен IV Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының салтанатты ашылу рәсіміне еліміздің делегациясының қатысқаны жөнінде баяндады. Түркі қоғамдастығы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын 2024 жылы Қазақстанда өткізу жөніндегі ұсынысты бірауыздан қолдады.

БАҚЫЛАУДА ҰСТАУДЫ ТАПСЫРДЫ

Премьер-министр Әлихан Смайылов Үкіметте өткен кеңесте халықты көмірмен қамтамасыз ету бойынша бірқатар тапсырма берді.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаевтың хабарлауынша, 2022 жылғы қаңтар-тамызда елімізде 73,7 млн тонна көмір өндірілген, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,2%-ға көп. Көмір өндіруші кәсіпорындардың дерегі бойынша оның негізгі разрездердегі құны өткен жылғы деңгейде сақталған.

Ал сату орындарында көмір бағасының өсуіне жол бермеу үшін оны үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз ету және автомобиль көлігімен елден тыс жерлерге әкетуді шектеу (6 айға) жөнінде шаралар қабылданды.

Сонымен қатар азаматтарға ыңғайлы болуы үшін көмірді танымал маркетплейстер мен банк қосымшалары арқылы өткізу жолдары пысықталып жатыр. Бұл бағытта еліміздегі ең ірі банктердің бірі Қостанай облысында қанатқақты жобаны іске қосты.

Премьер-министр бұл тәсіл көмір сатылатын орындарда кезектерді азайтуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Кеңес соңында ол Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп, көмірді жеткізіп беру мен бөлуді ерекше бақылауда ұстауы тиіс, ал Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі көмірдің бөлшек сауда бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу және фактілердің жолын кесу қажеттігін атап өтті.

ЖАЛҒА БЕРІЛГЕН ПӘТЕРЛЕРДІ САТЫП АЛАДЫ

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі қазақстандықтарға жалға берілген пәтерлерді сатып алу құқығын беру мәселесін қарастыруда. Бұл туралы ИИДМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары Бауыржан Қабдол мәлім етті. Оның айтуынша, 2016 жылы тұрғындарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін пәтерлер берілген.

«Бүгінде бұл бағдарлама жұмыс істеп тұр. Бұл пәтерлер халықтың әлеуметтік осал топтарына берілген: көпбалалы аналар, мүгедектер, жетім балалар, мүмкіндігі шектеулі балаларды асырап отырған отбасылар. Енді министрлік бұл пәтерлерді сатып алу құқығын беру мәселесін қарастырып жатыр. Себебі халық арасында оған сұраныс бар. Министрліктің қорытындысы бар, мәселені Үкіметте көтереміз» деп түсіндірді мәселенің барысын Бауыржан Қабдол Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатынан кейін журналистерге.

Комитет төрағасы Қазақстан бойынша жалға берілген 39 мың пәтер барын атап өтті. «Өзгеріс енгізілсе, көпбалалы аналар, мүгедектер, жетім балалар, мүмкіндігі шектеулі балаларды асырап отырған отбасылар жалға берілген пәтерді сатып алу құқығына ие болады. Қазіргі кезде Қазақстандық тұрғын үй компаниясы 22 мың пәтерді сатып алу құқығымен жалға берген. Онда адамдар тұрып жатыр. Олар пәтердің жалдау ақысы мен коммуналдық қызметтерді төлейді. Сондай-ақ мемлекетке тиесілі 39 мың пәтер бар. Онда әлеуметтік осал топтар тұрып жатыр. Алайда олар тек коммуналдық қызметтердің ақысын төлейді. Себебі олардың үйді сатып алуға құқығы жоқ. Енді біз осы 39 мың пәтерді Қазақстандық тұрғын үй компаниясына бергіміз келеді. Осылайша оларды сатуға мүмкіндік туады» деді комитет төрағасы.

ҚАРТТАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Астана қаласының әкімі Алтай Көлгінов аға ұрпақты Қарттар күнімен құттықтап, «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығына арнайы барды.

Бүгінде елордада 100 мыңнан аса зейнеткер қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, өз тәжірибелерімен алмасып, үлгі-өнеге көрсетіп келеді.

– Әр аға-буынымызға қаланың дамуына өз үлесін қосқаны үшін білдірер алғысым шексіз. Олар түрлі салада еңбек етіп, бірнеше ұрпақ тәрбиелеп, жастарға жол сілтеді.

Мемлекет азаматтарға түрлі жағдай жасауда: зейнетақы мен түрлі төлемдердің мөлшері көтеріліп, қарттарды қолдау бойынша шаралар қабылдануда және т. б. «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы зейнеткерлерге толық қызмет көрсетеді. Өз тарапымыздан қаланың әлеуметтік орталықтарын алдағы уақытта да қажетінше қолдаймыз, – деп құттықтаған әкім гүл шоқтарын ұсынып, ілтипат көрсетті.

Атап айтатыны, Халықаралық қарттар күні 1990 жылы 14 желтоқсанда БҰҰ Бас ассамблеясында бекітіліп, жарияланды. Бұл мереке елімізде жыл сайын аталып өтеді. Және оның аясында қарттарға құрмет көрсетіліп, түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылады.

ТАЗА БОЛСЫН ҚАЛАМЫЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Біздің коммуналдық қызмет күндіз де, түнде де, кез келген ауа райына қарамастан: аязды және жаңбырлы күні, қар жауғанда да жұмыс істейді. Тазалықшылардың қажырлы және жауапты жұмысының арқасында қалада тәртіп пен тазалық сақталады, – деді Астана қаласының әкімі Алтай Көлгінов «Астана Тазалық» кәсіпорны жұмысшыларымен кездесу барысында.

Соңғы үш жылда 300-ден астам арнайы техника мен жабдық алынып, автопарк айтарлықтай жаңарып, қызмет сапасы артты.

Енді қала өмірінде маңызды қызмет атқарып жатқан мамандардың жалақысын қараша айынан бастап 20 пайызға (жол жұмысшысы мен жүргізушінің жалақысы) артады. Бұған дейін жалақы басқа санаттар үшін де көтерілген еді.

– Сыйақылар, соның ішінде мереке күндеріне енгізілді. Бірақ бұл да жеткіліксіз. Біз жағдай жасау үшін барлық күш-жігерімізді жұмсаймыз, соның ішінде коммуналдық қызмет қызметкерлерінің жалақысын көтереміз, – деді қала басшысы.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Гарвард университетінің ғалымдары жылдам зарядтауды және ұзақ қызмет етуді қамтамасыз ететін инновациялық аккумулятор жасады.

Жоғары мектептің технологияларды дамыту кеңсесі стартап жобаны Adden Energy компаниясына лицензия берді. Бірнеше минутта толық зарядталатын аккумулятор – электр көлігіне (EV) қажетті инновациялық технология. Электр көлігін жылдам зарядтауды қамтамасыз ететін аккумулятор литий металынан жасалған.



Маланг қаласындағы стадионда жергілікті «Арема» клубы мен Шығыс Ява провинциясының «Персебая» командасы арасындағы ойында 127 адам мерт болып, 180-ге жуық адам ауруханаға түсті.

Матч 3-2 есебімен қонақтардың жеңісімен аяқталды. Соңғы ысқырықтан кейін «Ареманың» мыңдаған жанкүйері алаңға жүгіріп шыққан, содан қақтығыстар басталды. Жанкүйерлердің әрекетіне байланысты полиция көзден жас ағызатын газды қолданады.

Пәкістанда маусым айының ортасында басталған муссон жаңбыры мен су тасқыны салдарынан қаза тапқандардың жалпы саны 1695 адамға жетті, тағы 12865 адам жарақат алды.

Су тасқынының салдарынан түрлі індет өршіп, ауруханада науқастар көбейді. Кей жерлерде дертке шалдыққандарды қабылдайтын орын жетіспей жатыр. Дәрігерлердің айтуынша, сүзек, безгек, іш өту және тері аурулары көптеп таралды.

№117 (4395) 04/10/2022 Сейсенбі

ШЫҒЫСТЫҢ КҮЗГІ СЫЙЫ

Бас қаладағы жәрмеңкеде Шығыс Қазақстан және Абай облысының дала еңбеккерлері 282 тонна ауыл шаруашылығы өнімін ұсынды.

«Астана Арена» стадионының жанындағы алаңда ауыл шаруашылығы өнімінің 70-тен астам түрі ұсынылды. Қала тұрғындары картоп пен көкөніс, ет пен балық, құс еті, шұжық өнімдері, күнбағыс майы, бақша дақылдары, сүт өнімдеріне қызығушылық танытты. Жәрмеңке сөресінде балдың бірнеше түрі қолжетімді бағада сатылды.

Астана қаласының тұрғындары әр облыстың брендіне айналған өнімдерге басымдық беріп, қысқа қажетті өнім түрлерін алуда.

– Елдің шығысы келетінін естіп, бал алуға бола келдім. Зайсан көлінің балығын да алдым, – дейді елорда тұрғыны Жанар Сәрсенбаева.

Жәрмеңкеге ұсынылған барлық өнімнің шығу тегі мен тиісті сапасын растайтын құжаты бар. Сондықтан тауардың сапасына алаңдауға негіз жоқ.

Зайсаннан келген сатушы Еркебұланның сөзінше, 7 тоннаға жуық балық әкелді. Соның ішінде 10-12 келілік сазан балығы болды. Елордалықтар балықтың саудасын қыздырып, бірнеше сағатта-ақ тауысыпты.

8-9 қазан аралығында Солтүстік Қазақстан және Ақтөбе облысының дала еңбеккерлері жәрмеңке алаңында өз өнімдерін шығарады.

ИНКЛЮЗИЯ ХАНЫМЫ АНЫҚТАЛДЫ

«Астана» концерт залында Астана қаласы Мәдениет басқармасы және Байқоңыр ауданы әкімдігінің қолдауымен «Біз әртүрліміз, бірақ бәрімен теңбіз» ұранымен «Инклюзия ханымы-2022» әлеуметтік жобасы өтті. Жобаны ұйымдастырушылар – «Мейірімділік керуені-2020» III республикалық байқауының «Мейірім жолында» аталымының лауреаты Валентина Толмачева және «Қолжетімді Қазақстан» жобасының еріктісі Гүлнар Ахмолдина.

– Бұл жобаның негізгі мақсаты – 18-35 жас аралығындағы рухы мықты қыздарды ортаға бейімдеу. Барлық қатысушылар ерік-жігерін, қайратын көрсеткені үшін марапатталып, «Инклюзия ханымы-2022» анықталады, – деді іс-шараның басында Байқоңыр ауданы әкімінің орынбасары Шұғыла Құдайбергенова.

Шара барысында сахнаға 8 қатысушы шығып, жұртшылыққа өз талантын көрсетіп, өздерінің өмір жолын айтып берді. Мына аталымдар бойынша жүлделер тапсырылды: «Әртістігі шебер ханым» – Анна Дик, «Сәнді ханым» – Аяулым Кәрімжан, «Талантты ханым» – Зарина Данебекова, «Сүйкімді ханым» – Әсел Қадырова, «Кербез ханым» – Нұрдина Қартай, «Көрермен көзайымы» – Тоты Дүйсембина, «Кемеңгер ханым» – Мәдина Азаматова. Ал Айдана Қыстаубай «Инклюзия ханымы-2022» атанды.

«Сайыста, шын мәнінде, өте талантты, көзінде оты бар, өмірге құштар жандарды көрдім. Расында, ерекше адамдардың ерік-жігері көбіне төрт құбыласы түгел жандардан да мықты болып жатады. Олар өмір жолында қиындық кездессе де, шүкіршілік етуді біледі. Әр күнге, әр іске ризашылықпен қарайды. Біздің олардан үйренеріміз көп. Өзім бұл кештен ерекше әсер алдым. Мұндай жандар туралы әлем білу керек. Сондықтан дәл осындай «Инклюзия ханымы» сынды жобалар жалғасын тауып, көпшілікке үлгі болса, мотивация сыйласа деймін» деді Астана қаласы мәслихатының депутаты Ләззат Разбекова-Төлеуханова.

Баян АСЫЛБЕКОВА

ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ЖАТТЫҒУ

Елордада «ВИРАЖ-2022» жоспарлы терроризмге қарсы оқу-жаттығуы құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп өтті.

«Оқу орталығының аумағында өткен іс-шараның мақсаты – түрлі дағдарыстық жағдайларға, оның ішінде террористік көріністермен бірге әрекет ету жөніндегі міндеттерді орындауға күштер мен құралдардың дайындығын тексеру. Оқу-жаттығу жауынгерлік жағдайларға барынша жақын, әртүрлі қиындық элементтері бар» деп хабарлады терроризмге қарсы штаб.

Ұйымдастырушылар қала тұрғындарынан оқу іс-шарасына түсініспікпен қарауға, қауіпсіздік шараларын сақтауға, мемлекеттік органдар қызметшілерінің заңды талаптарын орындауға, тек ресми ақпарат көздеріне сенуге және халық арасында жалған ақпарат таратуға жол бермеуге шақырды.

Жер бетіндегі геосаяси жағдай күрделеніп, әлемнің әр түкпірінде террорлық әрекеттер орын алып жатқан уақытта сақтық шараларын күшейтіп, арнайы құрылымдардың дайындығын пысықтап отыру маңызды іс екені анық.

АҚШ-тың Clearview AI компаниясы жер бетіндегі барлық дерлік адамдардың бет-әлпетін тануға мүмкіндік беретін мәлімет базасын құруда.

Фотосуреттер мен ақпараттар пайдаланушылардың рұқсатынсыз әлеуметтік желілерден және басқа интернет ресурстарынан жиналады. Clearview AI өкілдері инвесторларға 2022 жылдың соңына қарай 100 миллиард фотосуреттен тұратын «бет индексін» жасайтынын мәлімдепті. Жер бетіндегі 7 миллиард адамның әрқайсысына 14 фотосурет болады.

Келешекте адамның «цифрлық егізін» жасайтын математикалық модель жасалуда.

Жоба іске асқан жағдайда, адамның ауруын болжауға болады және мұндай «цифрлық егіз» жеке емдеуге негіз бола алады. «Сандық егіздер» – нақты заттың виртуалды кескіндері – қазірдің өзінде өндірістің, өнеркәсіптің және аэроғарыш өнеркәсібінің негізіне айналды. Салалық сарапшылардың пікірінше, 2026 жылға қарай «цифрлық егіздер» нарығы шамамен 50 миллиард долларға жетуі мүмкін.

ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

– Мен 66 жастағы зейнеткермін. Спортты серік етіп, бос уақытымды спорт залда өткізгім келеді. Алматы ауданының аумағында қандай жерлерге барып, жаттығу жасауға болады?

Алтай КӨЛГІНОВ, Астана қаласының әкімі:

– Бас қалада 4 белсенді ұзақ өмір сүру орталығы бар. Соның бірі Алматы ауданы, Р.Қошқарбаев көшесі, 29/1 үйде орналасқан. Бұл орталықта скандинав жүрісі, гимнастика, вокал, шетел тілі, үстел теннисі, би үйірмесі бойынша сабақ өтеді. Сондай-ақ кесте бойынша сабақ жүргізілетін толық жабдықталған тренажерлік залдар бар. Қыстығүні ол жерде коньки тебу, шаңғымен сырғанау сияқты спорт түрлерінен секциялар ашылады. Аптасына екі рет ашық ауада цигун гимнастикасы бойынша дәріс өтеді. Оларға қатысу үшін орталыққа барып, алдын ала жазылу керек. Ал қатысу тегін. Орталыққа баратын адамдардың орташа жасы – 60-85 аралығында. Қазіргі кезде орталықта 150 адам өзіне қажетті іспен айналысады.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

«ШАЛҚАРДЫҢ» ҮНІ ШАЛҒАЙҒА ЖЕТЕ МЕ?

2021 жылғы 13 тамызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 1 қазан – Радио қызметкерлері күні болып жарияланды. Биыл сол мерекені екінші рет атап өтіп отырмыз. «Сәлемнің де сәті бар» дегендей, осы орайда радио туралы ойда жүрген бір мәселені айта кетуді жөн санадық.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Қазақстанның радиохабар тарату тарихы 1921 жылдың қазан айынан басталады. Осы бір ғасырда радио ұлтымыздың рухани тұрмысын байытып, мәдени өресін көтеруге көп еңбек сіңірді. Әсіресе қазіргідей интернет, телеарна жоқ, газет-журнал аз заманда тау-таудың қуысында жатқан қойшыларға дейін радионың үнін рухани азық етті. Барлық адам телефонға телмірген қазіргі дәуірде тыңдарман саны біртіндеп азайғанмен, радио өзінің өміршеңдік қуатын әлі жоғалтқан жоқ. Үйінде радиоқабылдағыш болмаса да, көлікте келе жатып радио тыңдау көп адамның әдетіне айналған. Алайда мемлекеттік радио саналатын Қазақ радиосы мен «Шалқар» радиосы қалаларда саңқылдап шыққанмен, шаһардан шалғай кетсең үні өшеді. Тартпайды. Әсіресе «Шалқар» Астанадан 10 шақырым ұзап шықсаң ұстамай, «өкпесі» сырылдап шыға келеді. Ал бар сенген Қазақ радиосы таза мемлекеттік тілде емес, арасында өзге тілдер де қамтылады. Бұл екі радиодан бөлек, аудан, қалаларда әртүрлі радиолар болғанмен, олардың көбі орыс тілінде. Екі тілде жүргізіледі деген радиолардың өзі екі тілдің салыстырмасы 50/50 болу керек деген талапты сақтамайды, керісінше, көбінің «көмейі» орысшаға ауып тұрады. Ал шекара өңірлерде қоныстанған тұрғындардың құлағын Қытай мен Ресей радиоларының үні тұндырып тұр...

Біз білгенде таза қазақ тілінде хабар тарататын «Шалқардың» тыңдарманы аз емес. Алайда елдің сол сүйікті радиосының таралымы ірі қалалардан аса алмай, ауыл, аудан, елді мекендердегі нағыз тыңдармандарына жете алмай тұр. Ал радионың үні жетпеген шалғай ауылдарға газет-журнал уақытында барады деп тіпті айта алмаймыз.

Радио – ол жай ғана ақпарат тарататын желі емес, ұлттың үнжариясы, мемлекеттің саясатын, әртүрлі үгіт-насихатының елдің түкпір-түкпіріне жетуін қамтамасыз ететін маңызды құрал. Сондықтан мемлекет бұл мәселеге барынша назар аударып, мемлекеттік тілде хабар тарататын радионың қамтылым аумағын қатты қадағалағаны абзал. «Цифрлы Қазақстан» құрамыз ден қанша айқайлағанымызбен, іргеңде жаттың үні саңқылдап, қазақ тілді радионың үні қаладан аса алмай жатса ұят емес пе?! Елдігімізге де сын!

БАҒА НАРҚЫ ҚАНДАЙ?

03.10.2022

ELORDA.INFO

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ	«Астаналық» базар	«Әлем» базары	«Шапағат» базары	Көк базар (Шанхай)
Бірінші сортты бидай ұны	480	475	550	480
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	140	90	150	150
Макарон өнімдері	460	245	350	350
Қарақұмық жармасы	680	520	600	600
Тазартылған күріш	520	465	450	450
Картоп	140	190	130	150
Сәбіз	180	160	115	150
Пияз	180	150	109	150
Қырыққабат	150	50	100	150
Қант	600	480	550	600
Күнбағыс майы	1120	1100	1000	1100
Сиыр еті	2750	2700	2150	2500
Тауық еті	1605	1625	1530	1500
Пастерленген сүт	300	305	350	360
Айран	310	405	450	400
Сары май	4500	4500	4500	4000
Тауық жұмыртқасы (10 дана)	520	525	550	540
Ас тұзы	90	70	80	90
Сүзбе	1350	1300	1000	1100

№117 (4395) 04/10/2022 Сейсенбі

ПОЛЬША АЗАМАТШАСЫНА ТҮСІНДІРІЛДІ

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына Польша азаматшасы Балли Мажец Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат ретінде сайлауға түсу ниетін білдіріп, бірнеше рет жүгінді.

Осыған байланысты Польша азаматшасына Республика Президенттігіне кандидатқа Конституциямен және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңмен қойылатын талаптар бөлігі бойынша қолданыстағы заңнама нормаларына түсініктеме берілді.

Орталық сайлау комиссиясы, Республика Конституциясының 41-бабының 2-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының Президенті болып тумысынан республика азаматы болып табылатын, қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген, Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын және жоғары білімі бар республика азаматы сайлана алатынын хабарлайды.

Сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясы, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңның 54-бабының 1-тармағына сәйкес, Президент болып сайлану үшін мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік лауазымдарда кемінде 5 жылды құрайтын жұмыс тәжірибесі болуға, сондай-ақ белсенді сайлау құқығына ие болуға тиіс екенін хабарлайды.

АЛҒАШҚЫ ҮМІТКЕРЛЕР АНЫҚТАЛДЫ

Жақында «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының кезектен тыс XX съезі өтіп, ауылдықтар алдағы Президент сайлауына партия атынан түсетін үміткердің есімін жариялады. Партия төрағасы Әли Бектаев кезектен тыс саяси кеңестің шешімі бойынша Президент сайлауына үміткер ретінде Қазақстан фермерлер қауымдастығының басқарма төрағасы Жигули Дайрабаев ұсынылатынын мәлім етті.

Съезге қатысқан делегаттар Жигули Дайрабаевтың кандидатурасын бірауыздан мақұлдап, дауыс берді. Ол 1954 жылы туған. Ауыл шаруашылығы саласының маманы, Қазақстан фермерлер қауымдастығының басқарма төрағасы.

Іле-шала Жалпыұлттық социал демократиялық партиясы (ЖСДП) Президент сайлауына қатысатын үміткерінің атын атады. Еліміздегі жалғыз оппозициялық партия саналатын ұйым 65 жастағы Нұрлан Әуесбаевқа сенім артатын болды. Ол – партияның Астана филиалының жетекшісі. Партияның 19-кезектен тыс құрылтайы өтіп, осы жиында 16 жылда алғаш рет сайлауға үміткер ұсынылды. Бұған дейінгі сайлаулардың барлығында партия бойкот жариялап келгені мәлім. Нұрлан Әуесбаев 1957 жылы Түркістан облысында туған. Қазір елордада тұрады. Бірнеше жыл жергілікті басқару органдарында қызмет еткен.

Ал үшінші үміткерді «Аманат» кәсіподақтар қауымдастығы ұсынды. Оның аты-жөні – Мейрам Қажыкен. Жасы 61-де. Павлодар облысында туған. Экономика ғылымдарының докторы, профессор. Қазір экономикалық зерттеу институтының директоры болып жұмыс істейді.

Биыл кезектен тыс Президент сайлауы 20 қарашада өтеді. 21 қыркүйекте Мемлекет басшысы тиісті Жарлыққа қол қойған болатын. Президенттікке үміткерлерді ұсыну 23 қыркүйекте басталды.

Орақ ЖАБАЙҰЛЫ,
ардагер-ұстаз, Астана қаласының тұрғыны:

ЕЛДІҢ ТАҒДЫРЫ – БІЗДІҢ ТАҒДЫРЫМЫЗ

– Міне, қазан айы да басталып кетті. Ал алдымыздағы айда Қазақстан халқы үшін саяси әрі мемлекеттік маңызды шара өтпек. Атап айтқанда, 20 қарашада Қазақстан Республикасы Президентін сайлау өтеді.

Халық бұл саяси шара Жаңа Қазақстанның айқындалған бағыт-бағдарына тың серпін беретініне сенім артып, қызу талқылаулар жүргізіп жатыр.

Мен де елімнің азаматы ретінде балаларым мен немерелерімнің кемел келешегі үшін өз таңдауымды жасаймын. Өйткені бұл сайлау Жаңа Қазақстанның серпінді дамуына даңғыл жол ашады деп үміттенемін. Сондықтан бұл саяси науқанға жайбарақат қарауға болмайды деп ойлаймын. Шын мәнінде, мемлекеттің келешегі барша қазақстандықтардың таңдауына байланысты болатыны анық. Ол үшін әрбір адам сайлау науқанына аса жауапкершілікпен қарағаны жөн.

Қазіргі кезде жүзеге асырылып жатқан конституциялық реформаның нәтижесінде сайлау науқаны да барлық заң талаптарын сақтай отырып өтетініне сеніммен қараймын.

Біле білсек, соңғы жылдардағы өзгерістер мемлекеттің саяси құрылымының жаңа үлгісін қалыптастырып отыр. Осының бәрі, түптеп келгенде, елдігімізді сақтауға, мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін береді деп ойлаймын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауында айтылған Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынуы өте ұтымды шешім болғаны сөзсіз. Өйткені әрбір баланың шотына түскен қаражат елдігіміздің болашағына салынып жатқан инвестиция деп білемін. Олай дейтінім, бүгінгі балалар елдің ертеңгі келешегі, иесі болатыны заңдылық. Сонымен қатар 2023 жылы 100 мың жасты жұмысқа орналастыру, жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетуді жалғастыру да әлеуметтік маңызды ұйғарым болып отыр. Мұндай игілікті бастамалардың жүзеге асуы, жалпы халықтың әл-ауқатының артуы бірінші кезекте саяси реформалардың жүзеге асуына байланысты болмақ. Сондықтан да мен дауыс беруге құқығы бар әр азаматтың сайлау науқанына белсенді қатысуын сұрар едім. Елдің тағдыры – біздің тағдырымыз екенін тереңінен ұғынсақ дегім келеді.

Күлімжан КӨКЕНҚЫЗЫ,
Абай Құнанбаев атындағы №87 мектеп-гимназияның мұғалімі:

БОЛАШАҚТЫҢ БИІГІ – ЕЛ ТАҢДАУЫНДА

– 20 қарашада өтетін Қазақстанда кезектен тыс Президент сайлауы халқымыз үшін маңызды таңдаудың бірі болғалы тұр. Бұл бізді ел болашағының берекесі үшін біріктіріп, топтастыруы керек. Өйткені оны өткізу елімізде тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Бірлігімізді нығайтуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған ел өміріндегі маңызды саяси кезеңді құптаймыз.

«Демократиялық сайлау – бұл бәсекелі, мерзімді және өкілдік сайлау, оның процесінде кең еркіндікке ие азаматтар билік құрылымдарына өздерінің өкілдерін балама негізде сайлайды. Бәсекелі сайлау сайлауға түрлі партиялардың және кандидаттардың қатысуына кепілдік береді. Олардың барлығы сөз, жиналыс, қозғалыс бостандығын, олардың саяси көзқарасының естілуі үшін және олар сайлаушыларға балама кандидаттарды ұсына алуы үшін қажеттінің барлығын пайдалана алады. Қазақстан Республикасының заңнамасы сайлаудың мерзімділігін, билік органдарында елдің әртүрлі әлеуметтік топтарының өкілдігін қамтамасыз етеді» деп еліміздің сайлау жүйесінде анықталған.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың биылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Мен биылғы күзде кезектен тыс Президент сайлауын өткізуді ұсынамын. Әділетті Қазақстанды құру жолында түбегейлі және жанжақты реформаларды табысты жүзеге асыру үшін халықтың жаңа сенім мандаты қажет» деп айтқан еді. Президент мемлекет мүддесі бәрінен биік екенін жария етіп, өзінің өкілеттік мерзімін қысқартуға және кезектен тыс Президент сайлауына баруға дайындығын білдірді. Ендігі жерде елдің болашағы өз таңдауымыздың жауапкершілігінде жатқанын түсіну қажет.



Сайлау комиссиясынан босатылды

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы конституциялық заңы 19-бабының 6-тармағы 2-бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес және Б.Т.Ахметжановтың міндеттерін атқарудан өз еркімен босату туралы 2022 жылғы 27 қыркүйектегі өтінішінің негізінде Берік Теміртасұлы Ахметжанов Астана қаласы сайлау комиссиясының мүшесі міндеттерінен босатылсын» деп жазылған ОСК қаулысында.

ЗИЯТКЕРЛІК КӨЛІК ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Астана қаласының әкімі Алтай Көлгіновтің басшылығымен елорда әкімдігінде өткен жиында көлік және көше-жол желісі саласындағы цифрлық шешімдердің қолданылуы талқыланды.

Бүгінгі таңда елордада көше-жол желісінің өткізу қабілетін арттырып, көлік қозғалысының кідірісін азайту, жол жүру уақытын қысқарту бағытында қыруар жұмыстар қолға алынуда. Осы шараларды іске асыру зияткерлік көлік жүйесін одан әрі дамытуға мүмкіндік береді.

Мамандардың мәлімдеуінше, Астанада зияткерлік көлік жүйесін пайдалану есебінен көлік жылдамдығы 18%-ға ұлғайды, жол жүрудің орташа уақыты 20%-ға азайды. Қаладағы «ақылды» бағдаршамдар кептеліс кезінде оңтайлы жұмыс режимін таңдауға мүмкіндік береді, осылайша жолдардағы қозғалысты жеңілдетеді.

Елордада бағдаршам нысандарының 42%-ы зияткерлік функциялармен жабдықталған. Алдағы уақытта бағдаршам нысандарының шамамен 80%-ын зияткерлік көлік жүйесімен қамту жоспарланып отыр. Бұл ретте қала басшысы Алтай Көлгінов зияткерлік көлік жүйесінің статистикалық деректерін көліктік жоспарлау кезінде одан әрі ескеру қажет екенін атап өтті.

Бұған дейін елордада кешенді көлік схемасы тұжырымдамасы бекітілген болатын. Бұл халықтың жыл сайынғы өсуін және жолдардағы трафиктің ұлғаюын ескере отырып, қалалық көліктің 10 және одан да көп жылға бірыңғай техникалық пайымын әзірлеуге мүмкіндік береді. ҚҚК сондай-ақ жаңа автомобиль көпірлерінің, көлік айрықтарының санын ұлғайтуды, көшелерді кеңейтуді, жолдарды тесуді, қоғамдық көлікті айтарлықтай жаңғыртуды және т.б. көздейді.

Үстіміздегі жылдың жаз айларында Ұлы дала даңғылындағы жаңа көпір пайдалануға берілді. Сонымен бірге Есіл өзені арқылы Тәуелсіздік даңғылындағы тағы бір көпірдің құрылысы келесі жылы аяқталады деп жоспарлануда.

Соңғы жылдары елордадан сыртқарырақ орналасқан елді мекендерді жалғайтын жолдардың мәселесіне көбірек көңіл бөлініп келеді. Осылайша, бас қалада 400-ден астам көше жөнделді.

Жалпы, көлік инфрақұрылымын дамыту мемлекеттің экономикалық әлеуетіне әсер ететін негізгі құрамдас бөліктердің бірі болып табылады. Тиімді көлік инфрақұрылымы өндірістік процестерді жеделдетіп қана қоймай, аймақішілік ынтымақтастықты нығайтады, сонымен қатар халықтың қолайлы өмір сүру ортасы үшін аймақтық және қалалық инфрақұрылымның жүйелі дамуына ықпал етеді.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ

Қаладағы көппәтерлі тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар, атап айтсақ, елордадағы мектептер мен ауруханалар толық жылынды.

Алматы ауданы бойынша бүгінгі күні 415 көппәтерлі үйде жылу қосылды. Бұл аудан аумағындағы үйлердің жалпы санының 50%-дан астамын құрайды.

Бүгінгі таңда аталмыш аудандағы әлеуметтік мекемелердің 95 пайызы жылуға қосылған. Бұлардың арасында балабақшалар, денсаулық сақтау және мәдениет мекемелері бар.

Аудан бойынша тұрғын үйлерді жылыту 29 қыркүйек күні іске қосылды. Жылумен жабдықтау мәселелері бойынша аудан әкімдігінің тіршілікті қамтамасыз ету бөліміне +7(7172) 55-18-38 телефоны арқылы хабарласа аласыздар.

Жылыту маусымының басталуына байланысты және тұрғын үй қорын жаңа қысқы кезеңге уақтылы және сапалы дайындау мақсатында әкім аппараты қызмет көрсететін ұйымдардан қажетті шараларды дер кезінде қабылдауды, ал тұрғындардан қажет болған жағдайда ортақ мүлікті жөндеуге немқұрайлы қарамауды сұрайды.

АУЛАЛАРДА – ШАҒЫН БАҚ

Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының қызметкерлері аулаларды тұрғындардың тілегімен абаттандыруға барынша көңіл бөлуде. Жақында өз үйлерінің ауласында шағын бақ істеген тұрғындар Алғыс хатпен марапатталып, оларға естелік сыйлықтар табыс етілді.

Аудан аумағындағы Бөгенбай батыр даңғылы 32/1 үйдің тұрғындары аулаларын көгалдандыру ісіне ерекше белсенділікпен кіріскен болатын. Жаз бойы олардың аулалары қалаға көрік беріп қана қоймай, тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізетін орнына айналған еді.

Сарыарқа ауданындағы Кенесары көшесі 29 үйдің ауласы да ерекше көз тартады. Ауладағы әсемдікті тұрғындар өз қолдарымен жасады. Әсіресе, көздің жауын алатын хош иісті гүлдерді күтіп-баптауда аула тұрғындарының еңбегі аз болмады. Ерекше ұқыптылықпен безендірілген бақтар, қолдан жасалған декор элементтері аудан аумағына ғана емес, тұтастай елордамызға көрік беріп тұрғаны ақиқат.

– Біз ауламыздың тазалығына, адамдар үшін жайлы әрі қолайлы болуына ерекше мән береміз. Тұрғындар өз күшімен аулаға гүлдер отырғызып, балақайлардың демалуы мен бос уақыттарын пайдалы өткізулеріне барынша жағдай жасап отырады. Бұл ретте біз қай шаруаны да аудан әкімдігімен ақылдасып, тұрғындармен кеңесіп шешеміз. «Ақылдасып пішкен тон келте болмас» демекші, жұмысымыз нәтижесіз емес. Еңбегімізді ескеріп, аудан әкімі атынан Алғыс хат пен естелік сыйлықтар алдық. Қуаныштымыз. Ауламызды абаттандыру ісі әлі де жалғасатын болады. Аула тұрғындарына атқарған жұмыстары үшін алғыс білдіреміз, – деді елордалық Айжан Нәдірқызы.

ЕСКІ ҚҰБЫР ЖАҢАРТЫЛУДА

Адам ағзасына судың қаншалықты пайдалы екенін бәріміз білеміз. Сондықтан ауызсудың сапалы болуына ерекше мән беруіміз керек. Қазіргі уақытта қалада суды сүзуге арналған жаңа жабдық орнатылып, ескі су құбырлары жаңартылуда.

«Астана су арнасы» кәсіпорны өндірістік бөлімінің бастығы Виктор Шефер бүгінде кәсіпорын базасында Түрік өндірісінің арнайы жабдықтары орнатылып жатқанын жеткізді.

– Суды тазарту үшін тазартылған тұз ерітіндісі дайындалады, содан кейін ол арнайы жасушаларға беріледі. Оны сұйылту үшін концентрат жұмсартылады. Мұнда суды белгілі бір температураға дейін қыздыратын жылытқыштар бар, ал сұйылтылып жұмсартылған тұз ерітіндісі арнайы қондырғыға түседі. Содан кейін ол электрлендіріліп, гипохлорит алынады, контейнерлерге құйылады, мөлшерлеу сорғылары екі кезеңде: араластырғыштың алдында және тұндырғышқа тазартылады. Тұндырғышта дезинфекциялық және алюминий оксидінің жұмысы арқасында ағартқыш пайда болады. Тұндырғышта қабыршақтар тұнбаға түседі, осылайша су ағарады. Содан кейін сүзілген су резервуарларға түседі. Дәл осы кезеңде қайталама гидрохлорация бірдей ерітіндімен жасалады, өйткені суда бос хлор болуы керек. Одан әрі желілер арқылы жүрсе, ластану болуы мүмкін, хлор одан әрі жұмысын жалғастырады. Осылайша, тұтынушы таза суға қол жеткізеді, – деді В.Шефер.

«Астана су арнасы» МКК 2007 жылғы 18 сәуірден бастап Астана қаласы бойынша сумен жабдықтау және су бұру саласындағы, магистральдық құбыржолдары және тарату желілері бойынша су беру, сарқынды суларды бұру және тазарту жөніндегі, суды магистральдық құбыржолдары арқылы беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілді. Оны жаңғырту, елорданы сумен қамтамасыз ету саласының жай-күйін жақсарту және үздіксіз жұмысын қолдау үшін «Астана су арнасы» кәсіпорны жалпы сомасы 4,7 млрд теңге болатын төрт инвестициялық жобадан тұратын 2021-2025 жылдарға арналған жаңа инвестициялық бағдарламаны іске асыруға кіріскен болатын. Қазіргі уақытта 2021 жылғы инвестициялық бағдарлама бойынша іске асырылған сома 882 млн теңгені құрады, 2022 жылға 929 млн теңге қарастырылған.

Инвестициялық бағдарламаны іске асыру кезеңінде желілердің тозуын 41-ден 39,5%-ға дейін төмендетуге, судың нормативтік ысырабын 17-ден 16,5%-ға дейін қысқартуға, апатты жағдайларды, халықты есепке алу аспаптарының жабдықталуын 75-тен 80%-ға дейін азайтуға қол жеткізу жоспарланып отыр.

2021 жылы кәсіпорын 461 млн теңге сомасына 3,1 км су құбыры желісін және 250 м кәріз желісін қайта жаңартуды жүзеге асырды, 61 млн теңге сомасына 13 км желіні кейіннен ауыстыруға жобалау жүргізілді. 150 млн теңгенің 30 тозған сорғысы ауыстырылды. Бұдан басқа, жабдықтар, сондай-ақ мамандандырылған техника сатып алынды.

Ағымдағы жылдың сегіз айында инвестициялық іс-шаралар бойынша 486 млн теңге игерілді, оған тозған және апатты су құбыры желілері қайта жаңартылып, ауызсуды зарарсыздандыратын жаңа тиімді электролиз қондырғысы орнатылды. Су мен ағынды суларды анықтауға арналған жабдықтар және пайдаланылуда-ультрадыбыстық шығын өлшегіштер, қалалық сорғы-сүзгі станциясының желілеріне тазартылған ауызсуды беруге арналған диск қақпақтары, құдықтарға орнатуға арналған құбыр желісін ауыстыру бойынша бұрғылау қондырғысы, кәріздік-тазарту қондырғысындағы ағынды сулардың көрсеткіштерін өлшеу бойынша датчиктер сатып алынды. Сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жүйесі мен ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жаңғыртылды.

«Астана-Горводоканал» күрделі құрылыс бөлімінің бастығы Қуаныш Ахмедияновтың айтуынша, «Технопарк» ауданындағы барлық желілер 70-80-жылдары салынған.

– Бұл аумақта бұрын «Целинсельмаш» зауыты болған. Қазір біз бұл желілерді қайта құрып, полиэтилен құбырларынан жаңаларын салып жатырмыз. Олардың ұзындығы – 4,5 км. Сонымен қатар құдықтар мен бекіту-реттеу арматурасын (ысырмалар, өрт гидранттары) орнату бойынша жұмыстар жүргізілуде. Құбырдың жалпы диаметрі 200-ден 300 мм-ге дейін. Шағын және орта бизнес саласында тұтынушылар көп, өйткені мұнда сумен жабдықтау проблемалары байқалды. Мұнда шағын және орта бизнестің 80-ге жуық тұтынушысы бар. Жөндеу құны 128 млн теңгені құрады. Материалдарды инвестициялық бағдарлама аясында өзіміз сатып аламыз. Бұрын болат және шойын құбырлары болған, олар коррозияға бейім. Ал полиэтилен практикалық және берік. Олардың қызмет ету мерзімі 50 жылға дейін созылуы мүмкін, – деді бөлім бастығы.

Сонымен қатар, бұл материал біздің климатқа сәйкес келеді екен.

Бетті дайындаған **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

№117 (4395) 04/10/2022 Сейсенбі

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ: БҮГІНІ ЖӘНЕ ЕРТЕҢІ

Қазақ баспасөзінің бүгінгі хал-ахуалы қандай? Қағаз басылымдарға деген оқырманның қызығушылығы кеміген заманда баспа БАҚ-тар жылдам ақпарат тарататын интернетпен, әлеуметтік желілермен бәсекеге төтеп бере ала ма? Нарық заманында қазақтілді баспасөз қандай қиыншылықтармен бетпе-бет келіп отыр және түйткілді мәселелерді шешудің қандай жолдары бар? Алматыдағы «Qazaqstan dauiri» халықаралық қоғамдық-саяси газетінің 30 жылдығына және «Мөлдір бұлақ» республикалық балалар журналының 20 жылдығына арналған «Қазақ баспасөзі: бүгіні және ертеңі» атты конференцияда бас қосқан медиа сарапшылар жоғарыдағы сауалдарға жауап іздеп, тұшымды ой-пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды. Жиынға қатысқан еліміздегі БАҚ басшылары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа ашық хат жолдап, мерзімді басылымдардың таралымын көбейтудің жолдарын ұсынды.

ҚАЗІР ЕЛІМІЗДЕ САУСАҚПЕН САНАРЛЫҚ ҚАНА ҚАҒАЗ ФОРМАТЫНДА ШЫҒАТЫН ГАЗЕТТЕР ҚАЛДЫ. ОЛАРДЫҢ ТАРАЛЫМЫ – 10-15 МЫҢ ДАНА КӨЛЕМІНДЕ. АЛДАҒЫ 5 ЖЫЛДА ОДАН ДА ТӨМЕНГЕ ТҮСУІ МҮМКІН. ОСЫЛАЙША, ГАЗЕТ ДЕГЕН ҰРПАҒЫМЫЗДЫ, АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫ ТӘРБИЕЛЕЙТІН ЕҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДЫҢ БІРІНЕН АЙЫРЫЛАЙЫН ДЕП ТҰРМЫЗ. ӨЗ БАСЫМ ҰСТАЗДАРДАН КЕЙІН 2-ОРЫНҒА ЖУРНАЛИСТЕРДІ, АҚЫНДАРДЫ, ЖАЗУШЫЛАРДЫ ҚОЯМЫН

ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗДІҢ ХАЛІ МӘЗ ЕМЕС...

Сәуле МЕШІТБАЙҚЫЗЫ, «Qazaqstan dauiri» ЖШС-нің бас директоры, ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

– Қазақ баспасөзінің жағдайы қазір аса мәз емес. «Қазақ баспасөзіне зор қауіп төніп тұр!» деп дабыл қағып, еліміздегі қазақтілді мерзімді басылымдардың басшылары бірнеше рет дөңгелек үстел өткізіп, ел басшысының атына ашық хат жолдадық. Әзірге одан аса нәтиже болмай тұр. Әлемді індет жайлағанда газеттер мен журналдардың таралымы азайып, жағдайымыз одан әрі нашарлай түсті. Президентке жазған ашық хатымыздағы 8 мәселе әлі шешілген жоқ. Егер осылай кете берсе, қазақ баспасөзінің халықпен байланысы нашарлап, өзі де қатары селдіреп қалған басылымдар жаппай жабылуы мүмкін. Соңғы кездері әкімқаралар мен мектеп директорларының «Біз ешкімді күштеп жаздыра алмаймыз» деген желеу айтуы салдарынан мерзімді басылымдарға теріс көзқарасы қалыптасты. Газетті жаздыруға мәжбүрлемеңдер деген сөз – газетті оқымаңдар деген сөз. Біз бүгін газетті жаздыру үшін көптеген мекемелерге, әсіресе мектептерге кіре алмаймыз. Ал баспасөзді оқымау – ол надандыққа, сауатсыздыққа, бейжайлыққа тікелей жол салу деп білеміз. Өркениетті елдерде мұндай теріс көзқарас жоқ. Оларда газет-журнал, кітап оқу мәдениеті әрқашан жоғары тұрады. Біздің де жүретін жолымыз – осы. Кітап оқу, жалпы оқу мәдениетін баспасөз қалыптастырады. Яғни, баспасөзге жазылуға мәжбүрлемеңдер деген сөз жазылымға үлкен кедергі келтіруде. Осы орайда ортақ тілегімізді, ойымызды тиісті жерлерге жеткізсек деген мұратымыз бар.

Марат ТОҚАШБАЕВ, «Президент және халық» газетінің бас редакторы, профессор:

– Қазақстандағы БАҚ негізінен, орыстілді және қазақтілді БАҚ болып бөлінеді. Соның ішінде орыстілді басылымдар азаматтық қоғам – мемлекет, ал қазақтілді басылымдар азаматтық қоғам ұлттық мемлекет формуласымен жұмыс істейді. Қазақ баспасөзі түгелдей ұлттық мемлекет құруға тырасамыз. Осы бағыттағы күрес, тартыс қазір қатты жүріп жатыр. Алайда біз ақ-қарасын ажырататын нәрселер бар. Біздің қоғамда ел, халық үшін жұмыс істейтін нағыз патриоттар бар, сол сияқты күні үшін жүргендер де бар. Олардың атауын қысқартып қазақша «КҮЖ» деймін. Сол КҮЖ-дер мемлекетті кез келген уақытта сатып кетеді. Сондықтан әрбір әкім, шенеунік, депутатқа қатысты көзқарасымызды осы тұрғыдан қалыптастырайық. Өкінішке қарай, бір кездері Ақмоланың атауын Астана деп, Астананы Нұр-Сұлтан деп өзгертуді жақтаған депутаттар жалт беріп, Астана атауын қалпына келтірді. Бұл – ұлты үшін қызмет ететін адамдардың ісі емес, бұл күні үшін жүрген жағымпаздардың әрекеті. Енді қазақ баспасөзінің бүгіні мен ертеңіне



> Мемлекеттік тапсырыстың әрбір сөзін тексереді. Өкімет не айтады, соны жазасың. Ал қордан бөлінген ақшаға шығатын газеттерде Қазақстан қоғамындағы барлық еркін ой-пікірлер көрініс табуы қажет. Мемлекеттен «жем жеген» басылымдар көбейсе, шындықты кім айтады?

қатысты өз ойыммен бөлісейін. Күллі дүние жүзінде қағаз басылымдардың бәрі құрыды, жойылды деуге болмайды. Мысалы, Жапонияның «Асахи» газеті 11 млн данамен басылып шығады. АҚШ-тың «Вашингтон пост», «Нью-Йорк таймс» газеттері 6-7 млн данамен таралады. Демек, басылымдардың қағаз нұсқасы мүлдем жойылады деген ұғым болмауы тиіс. Екі нұсқасының (қағаз және электронды) да қатар өмір сүруге құқы бар. Заман өзгеріп, жұрттың дені жаңалықтарды ұялы телефоннан, айфоннан оқып жатады. Бұл орайда «Qazaqstan dauiri» газеті мен «Мөлдір бұлақ» журналының электрондық нұсқасын дамытуға күш салып жатқаны қуантады. Меніңше, жаңалықтарды газет пен журналдың электрондық нұсқалары арқылы бүгінгі күннің гаджеттеріне лайықтап жасау керек.

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫНАН АҚША БӨЛІНСІН!

Дос КӨШІМ, қоғам қайраткері:

– Баспасөздің бүгіні – қиын, ертеңі – күңгірт. Өз басым газеттің редакторларының әкімдерге кіріп ақша сұрап жүргенін көремін деп еш уақытта ойламаппын. Оралхан Бөкей, Сейдахмет Бердіқұлов ағаларымыздың көзі тірі болса мұндайға ешқашан сенбей, бұл өтірік дер еді. Десек те, осындай жағдайға жеттік. Бұған әлеуметтік желінің әсері бар дейді жұрт. Әлеуметтік желі мен газеттің арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Әлеуметтік желі желдің сарыны сияқты, бүгін бар хабар ертең жоқ, ұмытылады. Газетте жазылған сараптама мақала қалады. Ол – халықтың көзін ашатын, әр адамды келесі бір деңгейге көтеретін оқығандықтың, зиялылықтың белгісі. Егер біз содан

айрылып қалсақ, онда халықтың ертеңі күңгірт болады деген сөз. Қазір елімізде саусақпен санарлық қана қағаз форматында шығатын газеттер қалды. Олардың таралымы – 10-15 мың дана көлемінде. Алдағы 5 жылда одан да төменге түсуі мүмкін. Осылайша, газет деген ұрпағымызды, азаматтарымызды тәрбиелейтін ең негізгі құралдың бірінен айырылайын деп тұрмыз. Өз басым ұстаздардан кейін 2-орынға журналистерді, ақындарды, жазушыларды қоямын. Ұлттың рухани дүниесін жасап жүрген осылар қазір төменге түсті. «Қазақ баспасөзі осындай аянышты жағдайға жетті!» деп мемлекет дабыл қағатын уақыт келді. Мұндайда қазақ баспасөзінің тағдырына қатысты Парламенттің кезектен тыс отырысы өтуі керек! Менің ойымша, мемлекет алдағы 10 жылға қазақ баспасөзін аяғын тұрғызуға арналған бағдарлама жасап, іске асыру керек. Мынадай бір ұсынысым бар: «Қазақстан халқына» деген Қордан қағазбен шығатын 10 газетті қаржыландырса, құба-құп болар еді. Қаржы бөлу бірінші орында тұратыны анық. Қаржы бөлініп, сапалы өнім шықса, халық газетке жазылады. Қазақ баспасөзіне дәл қазір мемлекеттің қолдауы ауадай қажет. Әйтпесе, біз ертең қазақтың рухынан да, басқасынан да айрылып, телефон шұқитын халық болып қаламыз.

Төлен ТІЛЕУБАЙ, «Astana aqshamy» газетінің шеф-редакторы:

– Шынымен, қазір қазақ баспасөзінің жағдайы алаңдатарлық күйде. Қазақтілді басылымдардың түйткілді мәселелерін зерттеп, ғылыми еңбегімді биыл кітап етіп шығардым. Мысалы, елімізде 1859 газет, 1105 журнал тіркелген, күн сайын оларды қазақстандықтардың 13 пайызы ғана оқиды, 43 пайызы сирек оқиды, 23 пайызы мүлде оқымайды. Интернет, әлеуметтік желілердің пайда болуынан баспа басылымдарға деген сұраныстың күрт төмендегені рас. Полиграфиялық және пошталық қызмет түрлерінің қымбаттауы да баспасөзді тығырыққа тіреді. Қазақ баспасөзі үлкен жолайрықта тұр. Мемлекет отандық басылымдарды қолдау тәсілдерін қайта қарап, қалыптасқан ахуалды өзгертуге күш салғаны жөн. Мәселен, Еуропа елдеріндегідей тікелей және жанама жәрдемақша бөлуге болады. Саны саусақпен санарлық қазақ газеттері өз аудиториясын сақтап қалуы үшін жаңалық таратуды интернетке, әлеуметтік желілерге беріп, талдамалы контентке (сараптамалық мақала, журналистік зерттеу) көшуі керек. Тағы бір тәсіл – баспа БАҚ пен цифрлық газеттің интеграциясын дамыту. Қазақ газеттері цифрлық форматтың барлық мүмкіндіктерін тиімді пайдалана алмай отыр. Баспа басылымдар өзінің форматын, мазмұнын, сапасын өзгерткенде ғана оқырман қажеттіліктерін қанағаттандырып, ақпараттық бәсекеге төтеп береді. Қағаз газет-журналдар жойылмауы үшін әр қазақ өз ұлтының рухани құндылығы жолында күресуі керек.

БАСПАСӨЗДІ ҚОЛДАУДЫҢ ҮШ ТЕТІГІН ТАПТЫҚ

Қанат ЫСҚАҚОВ, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің төрағасы:

– «Онсыз да жойылатын қағаз газеттерге мемлекеттен ақша бөлудің керегі не?» деген сөздер де айтылып жатады. Егер біз газет, кітап оқымасақ, саналы ұрпақ өсіріп, сапалы қоғам құра алмаймыз.



Қазақ баспасөзінің болашағы бар. Бұған бір ғана мысал келтірейін. Жаңа министр қызметіне кіріскен күннің ертеңіне Алматыға келіп, қазақтілді баспа басылымдардың басшыларымен кездесіп, баспасөздің мәселелерін талқылады. Демек осы бағытта тиісті іс-шаралар қолға алынады деген сөз. Қазақ баспасөзін қолдаудың үш түрлі тетігін қарастырып жатырмыз. Біріншісі – баспасөзге субсидия (жәрдемақша) беру және салықтардан босату. Бұл мемлекет үшін көп қаржы да емес. Екіншісі – баспасөздің таралымын көбейту. Дистрибуция болмаса, ешқандай жұмыс алға баспайды. Бұған қатысты нақты ұсыныстар бар. Әрбір өңірде дүңгіршектер ашу, орынжайлар беру мәселесін пысықтап жатырмыз. Бұл жерде таратуға қатысты «Қазпоштаның» жұмысын да қайта қарау керек. Үшінші тетік – мемлекеттен қаражат бөлу. Салыстырып қарайтын болсақ, бізде бұрын орыстілді аудитория көп еді, қазір қазақтілді аудитория өсті. Ахуал өзгеріп, қазақша мазмұн 70 пайызды, ал орысша мазмұн 30 пайызды құрады. Мемлекет үшін мемлекеттік тапсырыс дегеніміз – баспасөзді дамытуға ынталандыру. Алайда мемлекет қолдауы үшін газеттерде сапалы мазмұн болуы тиіс. Өйткені 2023 жылға мемлекеттік тапсырысқа бөлінетін қаражаттың көлемі 15 пайызға өсті».

10 «ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН» ЖАСАҒАННАН ТҮК ПАЙДА ЖОҚ!

Дос КӨШІМ, қоғам қайраткері:

– Әділетті Қазақстан құрамыз деп жатырмыз. Әділеттіліктің басты формуласы – теңдікте. Егер «Егемен Қазақстан» газетіне 1 млрд теңге бөліп, басқа газеттерге ақша бермесек, теңдік болмайды. Сол 1 млрд теңгені қағаз нұсқасында шығатын әр газетке бөлсе, әрқайсына 100 млн теңгеден келеді. Теңдей бөлу арқылы әділеттілік болар еді. Бұған не дейсіздер?».

Шамшиддин ПАТТЕЕВ, «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры:

– «Егемен Қазақстанға» бөлінген 1 млрд теңгені 10 газетке бөліп, одан тағы 10 «Егемен Қазақстан» жасағаннан түк те пайда жоқ. Мемлекеттік тапсырыспен тек «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правдаға» ғана ақша беру керек. Дос мырза, «Мемлекет «Қазақстан халқына» деген қордан 20 газетке ақша бөлсін!» деген алғашқы ойыңыз өте дұрыс. Қордағы ақша – қазақтікі, ешкімнің әкесінің қалтасындағы ақшасы емес! Кәдімгідей үлкен қоғамдық ұйым құрып, оның төрағасы етіп Дос Көшімді, я болмаса, Марат Тоқашбаев сияқты халықшыл бір азаматты тағайындауға неге болмасқа?!. Енді неге қордан ақша бөлу керектігін айтайын. Мемлекеттік тапсырыстың әрбір сөзін тексереді. Өкімет не айтады, соны жазасың. Ал қордан



бөлінген ақшаға шығатын газеттерде Қазақстан қоғамындағы барлық еркін ой-пікірлер көрініс табуы қажет. Мемлекеттен «жем жеген» басылымдар көбейсе, шындықты кім айтады? Қордың ақшасын алған басылымдар қоғамдық ойды дамытуға ықпал етуге күш салғаны жөн. Соңғы 15 жылда біздің баспасөздің ахуалы өзгерді. Бұрын халық ақпаратты тек дәстүрлі БАҚ-тан алып келсе, қазір ақпарат алатын алаңдар өте көп. Қазақша оқы деп ақыл айтып, өз балаларын орысша оқытып, билікке барып жатқандарға ұлт, қазақ я болмаса патриоттық туралы әңгімеңнің керегі жоқ. Қазір газеттерге сенім жоғалды. Содан шығар, бюджеттен баспасөзге бөлініп жатқан ақшаның да нәтижесі жоқ. Біздегі ең үлкен саяси қателік – жоғарыда жазылған хатпен қоғамдағы журналистиканы құртамыз. Оның орнына 15 мың әлеуметтік желі пайда болады. Оған ешқашан ие бола алмайсың. Қазір әлеуметтік желі алға шықты дейміз. Ол – ақпарат алудың көзі. Шындығында біз ақпараттық кеңістікте тек өрт сөндірумен айналысамыз. Ақпараттық кеңістікке мемлекеттік көзқарас қажет! Салыстырып көрейік, мысалы, француздар 40 газетке 1 млрд еуро қаржы бөледі. Барлығы – жекеменшік газеттер. Ол ақша «сен мынаны жаз немесе жазба» деп емес, тек қоғамды қалыптастыру үшін беріледі. Францияда әрбір 17 жастағы балаға мемлекет баспасөздің қалағанын жаздырып береді. Қағаз газеттер құриды дейді. Анау ешбір ағашы, орманы жоқ жапондар газетті таңертең және кешке шығарады. Біз бүгін бір қадам жасайық, тағы біреу 2-қадам жасайды. Сөйтіп, іс алға басады. Қазақ тілінің қазіргі жағдайы бәрімізге айдан анық. Ол қаржының, теңгенің, нарықтың, техниканың тілі емес. Сол себептен ең алдымен, қазақша оқу мәдениетін қалыптастырсақ, халықтың саяси мәдениеті қалыптасады.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ БАҚЫЛАУДА БОЛУЫ ТИІС

Қазіргі қоғамдағы маңызды мәселенің бірі – жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың көбеюі. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу – өзекті мәселе.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ



Мұғалім – оқушы – ата-ана үштігі бір байланыста болса, бала тәрбиесіндегі маңызды мәселелер шешілер еді. Осы мақсатта Астана қалалық Білім басқармасы тарапынан кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Жуырда Т.Айбергенов атындағы №16 орта мектепте «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу», «Жастар арасындағы нашақорлықтың алдын алу» тақырыбында білім басқармасы, сот, прокуратура, полиция департаменті мемлекеттік құрылым өкілдерінің шақыруымен ата-аналар жиналысы өтті. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық мәселелерінде ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру мақсатында өткізілген жиынның қатысушылар үшін берері мол.

Басқосуда кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алудағы отбасының рөлі және кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтың белгілі бір түрлері үшін ата-аналардың жауапкершілігі туралы мәселелер көтерілді.

Қалалық білім басқармасы Кәмелетке толмағандар құқығын қорғау бөлімінің басшысы Гүлсім Төкенқызы елордада жасөспірімдер арасындағы қылмысты алдын алу үшін жұмыс әлі де жалғасып жатқанын айтты.

– Жасөспірімдер қылмысы – қоғамдағы өзекті мәселе. Әр тоқсан сайын мектепте және полицияда есепте тұрған балалармен жұмыс істейміз. Арнайы мониторинг жүргізіледі. Бүгінде ювеналды полиция есебінде 125 мектеп оқушысы тұр. Қазір орта білім беру мекемелерінде мектеп инспекторы жоқ. Оның қызметін құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі менеджер атқарады. Яғни, тек бір бағытта жұмыс істейді, – деді басқарма өкілі.

Астана қаласы сотының төрағасы Шынар Ерғалиева ата-аналарға әлеуметтік желіде жалақысы көп жұмыс ұсынатын алаяқтар туралы ескертті.

Жыл басынан бері елордада 82 жасөспірім қылмыс жасаған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 23 қылмысқа көп. 4200 жасөспірім түнгі уақытта үйде емес, тыйым салынған орындарда жүрген. Ал елімізде үш жылда синтетикалық есірткіге тәуелді жастар саны екі жарым есеге артқан. Себебі синтетикалық есірткілер жасөспірімдер үшін арзан әрі оған оңай қол жеткізуге болады.

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында жұмыс жасайтын ювеналды полиция инспекторлары өз қызметтерімен қатар педагогтің, психологтың және тәлімгердің де рөлін атқарады.

Жасөспірімдер мен кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауына бірнеше факторлар әсер етуі мүмкін. Ең бірінші отбасындағы бала тәрбиесі мен жасөспірімнің араласатын ортасының үлкен әсері болады. Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылықтың негізгі түрі – ұрлық. Одан бөлек төбелес, қарақшылық және ішімдік ішу, есірткі тұтыну жатады.

Жасөспірім қандай да бір құқық бұзушылық жасаған жағдайда заңды өкілі жауапты болады. Себебі бала кәмелеттік жасқа толмаған. Қылмыстық жауапкершілікке кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірім 14 жастан, ал әкімшілік жауапкершілікке 16 жастан бастап өзі жауапты. Қазір, әсіресе, балалар телефонсыз жүрмейді, әлеуметтік желілер қолжетімді. Желілерде жеткізуші қызметіне адам іздейтіндер көп. Олар тыйым салынған заттарды тасымалдауы әбден мүмкін. Қылмысы анықталған жағдайда сыбайлас ретінде жауапқа тартылады. Сондықтан да ата-аналар, мұғалімдер баланың бос уақытында немен айналысып жүргендігін білгені абзал.

«БАРЫС» – «СОЧИ» 5:4

Астанада өткен «Барыс» – «Сочи» командалары арасындағы ойын өте тартысты өтті.

Ойынның негізгі уақытында есеп 4:4 болып аяқталды. Ал овертаймда «Барыс» шабуылшысы Линдей Вей мергендігімен танылды.

Осы жеңістен кейін астаналық команда Шығыс конференциясында 6-орынға көтерілді.

«Барыс» келесі ойынды 4 қазан күні «Астана Арена» мұз айдынында «Нефтехимик» командасына қарсы өткізеді. Матч сағат 19.30-да басталады.

Астана қаласы тұрғындарының және қалалық мәслихаттың жетінші сайланымының депутаттарының назарына!

2022 жылғы 7 қазанда сағат 10:00-де Астана қаласы мәслихатының жетінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. Астана қаласы әкімінің елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі есебі туралы.
2. Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 15 қаңтардағы № 351/43-VI «Астана қаласының учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» шешіміне толықтыру енгізу туралы.

Астана қаласы мәслихатының хатшысы Е. КАНАЛИМОВ

Анықтама телефондары: 55-66-35, 55-66-36

Зейнеткер адамның өзінің шамасы жететін, күнделікті күйбең тіршілігінен шаршап, үйге кіріп, теледидарды қосқанда, экраннан жүрегіңді жадырататын тамаша музыкаға үйлесімді әуезді ән естілгенде бір рахат күйге түсесің. Міне, бұл өнердің құдіреті, шіркін. Қиял әлеміне батып, ән ырғағымен қалықтап сергіп қаласың. Сондай күйге түсіретін толқытатын, тебірентетін, ойландыратын әннің бірі – «Нүрикамал».

НҮРИКАМАЛ

Алланың әмірімен, біздің отбасымыз Нүрикамал әнін естігенде ішкен асымызды қоя салып, өнердің құдіретіне бағынып, үлкен шабытпен ән тыңдаймыз. Музыка әуезімен сөз мақамы өте тамаша үйлескен, адамның тұла бойын тебірентетін сазды әуен ғой, шіркін! Осы шығарманың маған, менің жанұяма өте жақын болуының бір себебі, әннің басты кейіпкері Нүрикамал қарындасымызбен студенттік өмірден таныстығымыз шығар деп ойлаймын. Ақмола қаласының педагогика институтының студент жастарының арасында Нүрикамалдың беделі жоғары болды. Оқуды өте жақсы оқыды, сонымен қатар институттың қоғамдық жұмыстарына белсенді араласып, студент жастардың көшбасшыларының бірі болды. Алланың берген тән сұлулығы мен жан сұлулығы үйлесімді жарасқан Нүрикамал Сейтжанқызы қасындағы әріптес қыздарға ақылшы және қамқоршы бола білді. Бүгінгі күні бірге оқыған жолдастары Болат, Мәрияш, Кәмила, Бижақан тағы басқалары Нүрикамалды үлкен сағынышпен, қимастықпен еске алады.

Талантты адам қабілеттілігін, ой-өрісінің кеңдігін әр уақытта көрсете алады. Нүрикамал Сейтжанқызы облыс деңгейінде жоғары лауазымды қызмет атқарды. Тарихқа үңіліп, артта қалған күндерге көз жіберсек, Президент жарлығымен Ақмола облысының орталығы Көкшетау қаласына ауыстырылды. Зеренді, Шортанды, Еңбекшілдер аудандары облысқа қосылды. Осы кезде Нүрикамал Сейтжанқызы, облыстық мәдениет саласын басқарды. Сол кездегі облыс басшыларының қолдауымен Ақмола облысының мәдениет саласында айтарлықтай, ауқымды тарихи маңызы зор игі іс-шаралар атқарылды.

Көкшетау қаласының орталық алаңына Абылайханның ескерткіші орнатылды. Көкшетау Мәдениет үйіне жаңа архитектуралық стильде күрделі жөндеу жүргізілді. Қазақ драма театрының ғимараты бой көтерді. Облыс бойынша бірнеше тарихи музейлер ашылды. Аудан орталықтарында мәдениет үйлері жөнделіп, жұмыстарын жандандыра бастады. Ауыл, аудан жастары өз өнерлерін облыс орталығы Көкшетау қаласының сахналарында көрсетуге мүмкіндік алды.

Менің ойымша, Ақмола облысының мәдениет саласын дамытуда Нүрикамал Сейтжанқызының еңбегі орасан зор еді. Бірақ бүкіл Қазақ еліне танымал болуына себеп болған киелі, қасиетті, шырайлы Шымкент жері еді. Қазақ теледидарының «Бір туындының тарихы» атты бағдарламасының бір шығарылымы «Нүрикамал» әніне арналды. Теледидар бағдарламасын қарап отырып, талантты, дарынды, өз мамандықтарының хас шеберлерін бір жерге жинап, ойларын бір арнаға тоғыстырып тамаша туындының дүниеге келгенін көріп, қатты қуандым.

Әр адам баласының өмірі бір ғажайыптарға толы. Арқаның ерке қызы оңтүстік өңірге қызмет бабымен барып, тамаша өнер туындысының бас кейіпкеріне айналды. Бейне бір келісіп қолмен қойғандай, шіркін-ай, қандай өмір десеңші?! Өз басым, отбасым, туған-туыстарым Нүрикамалдың әріптес жолдастары бәріміз, осы әннің шығуына себепкер болған музыка, сөз авторларына, әнді орындаушыға алғысымыз шексіз. Нүрикамал Сейтжанқызы арамыздан мәңгілік мекеніне аттанғаннан кейін «Нүрикамал» әнінің біз үшін өкінішке қарай, мән-мағынасы өзгерді. Терең ойға батып, қимастық сезімнің тұңғиығына батып, күрсініспен асыл бейнесін еске аламыз.

Қабиболла ШАЯХМЕТОВ, зейнеткер, Астана қаласы

БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

«Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ келесі Астана қаласының әкімдігінің ШЖҚ МКК Байқау кеңестері мүшелерін іріктеу бойынша конкурстың басталғаны туралы хабарлайды:

Көпсалалы медицина орталығы, Қалалық фтизиопульмонология орталығы, *№ 3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы.*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 бұйрығына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімінің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің болуын қамтиды:

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Мынадай:

1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);

2) мемлекеттік және орыс тіліндеріндегі түйіндеме;

3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертте қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Конкурсты өткізу орны: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 419-кабинет, 556839.

Конкурстың басталу күні: (құжаттарды қабылдау) 2022 жылғы 4 қазан.

Конкурстың аяқталу күні: (құжаттарды қабылдауды аяқтау) 2022 жылғы 2 қараша.

«Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі» ММ «Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1 мекенжайында орналасқан «Transport Tower» әкімшілік-технологиялық кешенінің ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобаны әзірлеуші «Poligram» ЖШС байланыс телефоны 8 7122 30 51 37.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында сайтында танысуға болады (https://ecoportal.kz).

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда 5 жұмыс күні (11 қазаннан 17 қазанға дейін) мерзімінде қабылданады.

Газеттің келесі нөмірі 2022 жылдың 7 қазан күні шығады.

№117 (4395) 04/10/2022 Сейсенбі

ӘН БАЗАРЫ – ҚАРАӨТКЕЛ

Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы «Ән базары – Қараөткел» атты тарихи-музыкалық кешін өткізді. Кештің бұлай аталуы тегін емес, кешегі Қараөткел, бүгінгі елорда XIX ғасырдың ортасынан XX ғасырдың басына дейін үлкен сауданың ғана емес, ән-жырдың да орталығы болған. Қазіргі «Астана» концерт залының орнындағы жәрмеңкеге небір дүлдүлдер мен бұлбұлдар жиналып, өнер жарыстыратын. Әйгілі әнші, халық композиторы Балуан Шолақ сол жерде қымыз сатып тұрған ғашығы Ғалияны алғаш көріп, ынтыққан деген дерек те бар. Филармония әртістері мен шақырылған өнерпаздар Қараөткелдің ән базарын жаңғыртып, асыл мұраға айналған әндерді шырқады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Академик Ахмет Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» еңбегінде Арқа әнінің бір биігі Қосымжан Бабақовтан жазылып алынған тарихи дерек кездеседі. Соны сөйлетсек, 1915 жылы Ақмоланың атақты көпестері Қосшығұловтар үздік әнге бәйге жариялап, осы жерге Арқаның әр атырабынан әншілерді жинайды. Бәрі әнші әрі ақын Ғазиз Файзоллаұлының шаңырағында бас қосады. Осы жерде кеңесіп, ән шырқайды.

Олардың арасында «Қанаттанды» әнінің авторы Сәтмағамбет, Қапаш, Тұрсынбай, Сәлкен, Кәкімжан, гармоншы Қарақас, Ахмет, Исабай сынды сол заманның үлкен әншілері болады. Жиырма жасқа енді толған Қосымжан да сол ортадан табылып, Біржан салдың «Айтбай», Жаяу Мұсаның «Көгаршын», Ғазиздің «Шалқыма» әндерін айтады.

Жалпы, бір ғасыр бұрын өткен бұл басқосуда Ақан сері, басқа да халық композиторларының туындылары әуелейді. Бертінде осы әндерді Жүсіпбек Елебеков, Мәдениет Ешекеев, Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосынов, т.б. өнер саңлақтары іліп әкетіп, өз шәкірттеріне үйретті.

Филармония кешінде өнерпаздар тарихты тірілтіп, әуелете ән салды. «Ғазиздың әні», «Шәмсиқамар», «Сұржелгенше», «Майраның әні», т.б. баға жетпес ұлттық мұраның інжу-маржаны саналатын шығармалар жаңғырды.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Гүлмира Сарина, Айгүл Қосанова, мәдениет қайраткерлері Амандық Көмеков, Секен Сыздық, Мәдениет саласының үздігі Нұрай Танабаев, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Ұлағат Шалғынбекұлы, Бауыржан Нұрмұханов, Жандос Иманбай, Берік Омаров, Данияр Мұқан, Бейбіт Мұсаев, Жәнел Қуатова, Жақсыгелді Маясаров, Арафат Ысқақов, Тельман Нұркенов, Өзгеріс Шерікбай, Нұржан Мейірхан, Елбол Қуанбек, Айнұр Қонысбаева, Сәулежан Тағзия, «Сарыарқа» фольклорлық ансамблі мен «Шалқыма» халық би ансамблі өнер көрсетті.

Кештің өтуіне Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі де атсалысып, «Тарих беттері сыр шертеді» атты көрме ұйымдастырды. Бұл көрмеге Ақмола тарихы, Қараөткел жәрмеңкесінің тарихы, жәрмеңкеге қатысқан өнер майталмандары туралы материалдар, Ақан сері, Әміре Қашаубаев, Иманжүсіп Құтпанұлы, Сәтмағамбет Ахметов, Майра Уәлиқызы, тағы басқа да әншілер мен халық композиторлары жайлы кітаптар қойылды.

ТАЭКВОНДОШЫЛАР ТУРНИРІ

Астана қаласында таэквондо спортынан балалар арасындағы Қазақстан чемпионаты басталды. Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өтіп жатқан жарысты республикалық және астаналық таэквондо федерациялары және елордалық Дене шынықтыру және спорт басқармасы өткізуде.

Астанадағы жарысқа Қазақстан чемпионы атағын сарапқа салу үшін еліміздің барлық аймақтарынан 8-11 жас аралығындағы 1500 жасөспірім жиналды. Үш күнге созылатын жарыстың чемпиондары сәрсенбі күні белгілі болады.

Астана қалалық таэквондо федерациясының президенті Нұрлан Купешов осы чемпионатта үздік шыққан спортшылар республика құрамасына қабылданып, Азия чемпионаты мен халықаралық жарыстарда ел намысын қорғайтынын атап өтті.

Қазақстан біріншілігі 8-9 жастағы балалар арасындағы іріктеу жекпе-жектерімен басталды. Жеңіске жеткендер ертең жүлделі орындарға таласатын болады. Сонымен қатар 10-11 жастағы балалар да татамиге шығып, бақтарын сынайтын болады.

ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛҒАН ОТБАСЫЛЫҚ МЕРЕКЕ

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Іс-шараның ашылу салтанатына Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев жарыс қатысушыларына сәттілік тілеп, салауатты өмір салтын серік еткен әрбір отбасына алғысын білдірді.

– «OTBASY DUATLON 2022» дәстүрге айналды. Биыл алтыншы рет өткізіп отырмыз. Жарысқа қатысуға ниет білдірген отбасылар едәуір артты. Келер жылы 5-6 жастағы балаларды қоспақшымыз. Жарысқа қатысуға өтінімдер алдын ала электронды түрде қабылданды, міндетті түрде шлем мен дәрігердің рұқсаты болуы керек. Жалпы, биылғы дуатлонда балалар үшін үш санат – 8-9, 10-11 және 12-13 жас белгіленді. Отбасылық сайыстың алғашқы бөлімінде жалпы ұзындығы 4,5 шақырым қашықтыққа алдымен 2,1 қашықтыққа әкелер жүгірді, одан әрі эстафетаны велосипедке мінген аналар алды. Жарысты балалар мәреге дейін 200 метр жүгірумен аяқтады» деді жарысты қорытындылаған Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы С.Жылқыбаев.

Барлық қатысушы отбасыға қатысқаны үшін финишорлық медальдармен «GALANZ bottlers» компаниясы ұсынған «Sevens» суы табысталып, жеңімпаздар I, II, III орын дипломдарымен және бағалы сыйлықтармен, яғни әр жеңімпаз команда мүшелеріне теледидар, микротолқынды пеш, шаңсорғыш, термопот, смартфон, смарт сағат, велосипед секілді бағалы сыйлықтар табысталды.

Сондай-ақ қатысушылар арасында лотерея ұтысы ойнатылды. Лотерея жеңімпаздары 10 велосипед және Қазақстан бойынша ең дәмді «DODO» мейрамханасына арнайы сертификаттар ұтып алды.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №117

Баспахана: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8. 5-кеңсе «KOMEK INV» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**